

Қызылорда медициналық жоғары колледжі  
Оқу-әдістемелік кеңестің отырысы  
№3 хаттама

Өткен күні: 05.01.2026 ж

Уақыты: 16.00

Қатысқандар: Әдістемелік кеңес төрайымы, мүшелері және т.б.

**Күн тәртібінде:**

1. № 2 Әдістемелік кеңестегі қабылданған шешімнің орындалуының ақпараты.
2. Техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыру бойынша қабылданған құқықтық нормативтік актілермен, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңдар, қаулылармен оқытушыларды хабардар етіп отыру
3. Аттестациядан өтетін оқытушылардың педагогикалық жұмыстарының жетістіктерін жинақтауға, портфолиосын рәсімдеуге көмек беру, аттестаттауға байланысты колледжішілік семинар ұйымдастыру.
4. Мамандықтар бойынша пәндерден ағымдық, аралық және қорытынды білімді бағалау материалдарын рецензиядан өткізу жұмыстарын ұйымдастыру:
5. Бағалау және бақылау – сапалы кәсіби білім берудегі басқарудың басты құралы» әдістемелік тақырыбының орындалу барысы
6. «Озат тәжірибе мектебінің» жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша мәліметті тыңдау
7. «Жалпы білім беру пәндер – 1», «Жалпы білім беру пәндер – 2», «Жалпы білім беру пәндер – 3», «Арнайы фармациялық пәндер», «Жалпы кәсіптік пәндер – 1», «Жалпы кәсіптік пәндер – 2», «Жалпы кәсіптік пәндер – 3», «Жалпы ізгілендіру пәндер», «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» циклдік әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына жүргізілген ішкі бақылау қорытындысын қарау туралы
8. 2026-2030 оқу жылдары Колледжі оқытушыларының бейіні және педагогикалық біліктілігін жетілдірудің және қайта даярлаудан өтудің перспективалық жоспары
9. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

**1. № 2 Әдістемелік кеңестегі қабылданған шешімнің орындалуының ақпаратын**

Кеңес төрайымы Л.Т.Байғабылова өткен Әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша баяндап шықты. Үйірмеге қатысты жауапты оқытушылардың жұмыс жоспарлары бойынша жүріп отырғандығы жөнінде хабарлады, Қатаң есептегі құжаттардың толтырылуы назарда.

**Қаулы етеді:**

- Шешімдердің жүзеге асырылуы туралы мәліметтер есепке алынсын.

**2. Техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыру бойынша қабылданған құқықтық нормативтік актілермен, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңдар, қаулылармен оқытушыларды таныстыру жұмыстары туралы**

Колледж әдіскері А.Ә. Сейілханова мәлімдеді. Күнделікті және ПӘБ жиналыстарында оқытушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырғандығын хабарлады

**Қаулы етеді:**

- Нормативтік актілермен жұмыс жасайтын барлық бөлімшелер мен ПӘБ және оның оқытушылары өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жұмыс жасасын.

### **3.Аттестациядан өтетін оқытушылардың педагогикалық жұмыстарының жетістіктерін жинақтауға, портфолиосын рәсімдеуге көмек беру, аттестаттауға байланысты колледжішілік семинар ұйымдастыру**

Аттестациядан өтетін оқытушылардың педагогикалық жұмыстарының жетістіктерін жинақталып, портфолиосын рәсімделіп, аттестаттауға байланысты колледжішілік семинар ұйымдастырылды және «модератор», «сарапшы» санатына баратын оқытушылардың портфолиолары «Ұстаз»порталына салынды.

#### **Қаулы етеді:**

-Аттестациядан өтетін оқытушылардың педагогикалық жұмыстарының жетістіктерін жинақталып, портфолиосын рәсімделініп толықтай «Ұстаз»порталына салынсын.

### **4.Мамандықтар бойынша пәндерден ағымдық, аралық және қорытынды білімді бағалау материалдарын рецензиядан өткізу жұмыстарын ұйымдастыру туралы**

ПӘБ жетекшілері 2025-2026 оқу жылының ІІ семестрінде оқытатын пәндерін және ол пәндерден ағымдық, аралық және қорытынды білімді бағалау материалдарын рецензиядан өткізіп бекітуге ұсынды:

- ауызша емтихан, сынақ, сараланған сынақ тапсырмалары;
- тест тапсырмалары;
- тапсырмалары.

#### **Қаулы етеді:**

- 2025-2026 оқу жылының ІІ семестрінде оқытатын пәндерін және ол пәндерден ағымдық, аралық және қорытынды білімді бағалау материалдарын бекітуге ұсынылсын.

### **5.Бағалау және бақылау – сапалы кәсіби білім берудегі басқарудың басты құралы» әдістемелік тақырыбының орындалу барысы**

«Бағалау және бақылау – сапалы кәсіби білім берудегі басқарудың басты құралы» әдістемелік тақырыбы бойынша кредиттік оқыту технологиясы негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен бақылауды жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Оқу процесінде ағымдық, аралық және қорытынды бақылау түрлері жүйелі ұйымдастырылып, білім алушылардың өзіндік жұмыстары мен академиялық белсенділігі бағаланды. Кредиттік технология талаптарына сәйкес бағалаудың ашықтығы мен объективтілігі қамтамасыз етіліп, электрондық журнал және білім беру платформалары арқылы мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде білім алушылардың жауапкершілігі артып, оқу жетістіктерінің сапасы жақсарды, ал бағалау нәтижелері басқарушылық шешімдер қабылдаудың тиімді құралы ретінде қолданылды.

### **6.«Озат тәжірибе мектебінің» жұмысын ұйымдастыру және өткізу бойынша мәліметті**

Колледж әдіскері Г.З Рустемова ұсынды. Ол 2025-2026 о.ж. ОТМ құрамын, орындалған тапсырмалар және оның нәтижесі туралы баяндады.

#### **Қаулы етеді:**

Колледж әдіскері Г.З Рустемова мәліметі есепке алынсын.

7.«Жалпы білім беру пәндер – 1», «Жалпы білім беру пәндер – 2», «Жалпы білім беру пәндер – 3», «Арнайы фармациялық пәндер», «Жалпы кәсіптік пәндер – 1», «Жалпы кәсіптік пәндер – 2», «Жалпы кәсіптік пәндер – 3», «Жалпы ізгілендіру пәндер», «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» циклдік әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына жүргізілген ішкі бақылау қорытындысын қарау туралы

**Тыңдалды:**Баяндамашылар: Кушербаева Т.Б., Сейілханова А.Ә., Сейдилдаева Г., Жундабекова С.С., Молдраймова С.Т.

Колледж директорының бұйрығына сәйкес комиссия құрамымен 2025 жылдың 01–13 желтоқсан аралығында аталған циклдік әдістемелік бірлестіктердің жұмысына ішкі бақылау жүргізілгенін хабарлады.Тексеру барысында жылдық жоспарлардың орындалуы, оқу-әдістемелік құжаттардың сапасы,жұмыс оқу бағдарламаларының,күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың, сабақ жоспарларының әзірленуі, білім жетілдіру жұмыстары, ғылыми-әдістемелік қызмет,үйірме жұмыстары,кітап қоры және SmartNation платформасындағы жұмыстар қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде:

- жылдық жоспарлардың оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және мониторинг бағыттары бойынша толық жасалғаны;
- барлық пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар және оқу-әдістемелік кешендердің әзірленгені;
- оқытушылардың біліктілікті арттыру курстарына қатысып, тәжірибе таратқаны;
- үйірме жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізілгені;
- SmartNation платформасына оқу материалдарының енгізілгені;
- ашық сабақтар мен өзара сабаққа қатысу жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырғаны;
- кітапхана қорының толықтырылып отырғаны анықталды.

Сонымен қатар SmartNation платформасын тексеру барысында жекелеген оқытушылар бойынша бағалардың толық енгізілмеуі анықталған.

**Қаулы етеді:**

- 1.«Жалпы білім беру пәндер – 1», «Жалпы білім беру пәндер – 2», «Жалпы білім беру пәндер – 3», «Арнайы фармациялық пәндер», «Жалпы кәсіптік пәндер – 1», «Жалпы кәсіптік пәндер – 2», «Жалпы кәсіптік пәндер – 3», «Жалпы ізгілендіру пәндер», «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» циклдік әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына жүргізілген ішкі бақылау қорытындысы назарға алынсын.
- 2.Циклдік әдістемелік бірлестіктердің оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
- 3.SmartNation платформасында білім алушылардың бағаларын және оқу материалдарын уақытылы әрі толық енгізу қамтамасыз етілсін.
- 4.Базалық тест тапсырмаларының сапасын арттыру мақсатында тест қорлары қайта қаралып, жаңартылсын.
- 5.География пәні бойынша кітапхана қорын толықтыру үшін қажетті оқулықтар тізімі жасақталып, кітапханаға ұсынылсын.
- 6.Оқытушылардың ғылыми-әдістемелік белсенділігін арттыру, авторлық оқу құралдарын әзірлеу және ғылыми жарияланымдар санын көбейту бойынша жұмыстар жандандырылсын.
- 7.Біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары жүйелендіріліп, оқытушылардың кәсіби дамуы тұрақты бақылауға алынсын.
- 8.Анықталған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, орындалуы циклдік әдістемелік бірлестік төрағаларына жүктелсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылау оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары мен әдістемелік кабинетке жүктелсін. 2026-2030 оқу жылдары Колледжі оқытушыларының бейіні және педагогикалық біліктілігін жетілдірудің және қайта даярлаудан өтудің перспективалық жоспары бекітілді.

### **8.Әр түрлі мәселелер**

**1. Орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығының 2025 жылы өткізілетін білім жетілдіру курстарының жұмыс бағдарламаларын бекіту.**

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша орта буын медицина қызметкерлерінің білімін жетілдіру бөлімінің меңгерушісі Г.К Тлеулеева 2025 жылы өткізілетін төмендегі білім жетілдіру курстарының жұмыс бағдарламаларының мазмұнымен таныстырды:

I. Толық төлем ақылы негізінде өткізілетін курстар:

1. Медициналық қалдықтармен жұмыс жасау тәртібі – 11 тыңдаушы ,(60сағат)
2. Клиникалық мейіргерлік нұсқаулықтарды енгізу -12 тыңдаушы, (60сағат)
3. ЖКС кезінде шұғыл көмек көрсету - 12 тыңдаушы ,(60сағат)
4. Зертханалық диагностикадағы инновациялық технологиялар – 30тыңдаушы, (120сағат)
5. Жедел жәрдем фельдшерінің жұмысы – 15тыңдаушы,(120сағат)
6. Акушериядағы, перинатология және гинекологиядағы заманауи технологиялар – 14 тыңдаушы,(120сағат)
7. Жалпы мейіргерлік технологиялар – 106 тыңдаушы,(120сағат)
8. Массаж бойынша мейіргердің жұмысы- 5 тыңдаушы,(120сағат)
9. Мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде тамақтану бойынша мейіргердің жұмысын ұйымдастыру -1 тыңдаушы,(120сағат)
10. Емдік дене шынықтыру - 2 тыңдаушы,(120сағат)
11. Стоматологиядағы диагностика, емдеудің заманауи әдістері -3 тыңдаушы, (120сағат)
12. Профилактикалық тексерулерді жүргізудегі мейірбикенің ролі тыңдаушы,(120сағат)
13. Семинар сабақ: 30 сағат(сынақ бірлігі) «Алғашқы медициналық көмек көрсету және жүрек өкпе реанимациясы негіздерінің принциптері»- 57 тыңдаушы
14. Семинар сабақ: 30 сағат(сынақ бірлігі) «АИТВ инфекциясының өзекті мәселелері және алдын алу шаралары»- 37тыңдаушы
15. Семинар сабақ: 30 сағат(сынақ бірлігі) « Медициналық қалдықтармен жұмыс жасау тәртібі» 147- тыңдаушы
16. Семинар сабақ: 30 сағат(сынақ бірлігі) «Медициналық тәжірибедегі коммуникативті дағдылар» -135 тыңдаушы
17. Семинар сабақ: 36 сағат «Алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері – парамедик дайындау» - 39 тыңдаушы
18. «Инсульттің алғашқы белгілері және BLS, ACLS, PALS оқыту» -5 тыңдаушы

II. Келісім-шарт негізінде өткізілетін курстар:

1. «Профилактикалық тексерулерді жүргізудегі мейірбикенің ролі», (120сағат) -4 тыңдаушы
2. «Қалта нұсқаулығы: балаларға стационарлық көмек көрсету»,(60сағат) - 24 тыңдаушы
3. «Балалық шақтағы ауруларды ықпалдастырып жүргізу»,(60сағат) -26 тыңдаушы
4. «Патронаждық қызметтің прогрессивті моделі ерте жастағы балаға» 120сағат)- 14 тыңдаушы
5. «Патронаж: созылмалы аурулары бар науқастаға(АГ,ДД,СЖЖ) жүкті әйелдерге бару, ерте жастағы балаларға күтім жасау» -(180 сағат),--61 тыңдаушы

6. Ауыр жағдайларда медициналық көмек көрсету (кенеттен жүрек тоқтауы, ЖИА)-(180 сағат),--61 тыңдаушы
7. Пациенттерді дайындау және зертханалық, аспаптық зерттеулердің нәтижелерін бастапқы түсіндіру(эндоскопиялық рәсімдер,ЭКГ,УДЗ)» --(180 сағат),--61 тыңдаушы

**2.Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 2026-2030 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру, білім беру қызметінің сапасын арттыру, мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және заманауи денсаулық сақтау жүйесінің талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ету мақсатында колледждің миссиясы, көзқарасы, негізгі мақсаттары мен даму бағыттары қайта қаралып, жаңартылды.**

Жаңартылған миссия колледждің стратегиялық даму басымдықтарын айқындайды және сапалы әрі қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге қабілетті, құзыретті, әлеуметтік жауапты, кәсіби дамуға ұмтылатын денсаулық сақтау мамандарын даярлауға бағытталған.

Колледждің көзқарасы өңірдегі техникалық және кәсіптік медициналық білім берудің жетекші ұйымына айналуы, халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін, инновациялық технологияларды меңгерген және еңбек нарығында сұранысқа ие орта буын мамандарын даярлауды көздейді.

Миссияны іске асыру үшін колледжді басқару жүйесін жетілдіру, кадрлық әлеуетті дамыту, білім беру ортасын жаңғырту, практикаға бағдарланған оқытуды күшейту, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту, әлеуметтік әріптестікті кеңейту, білім алушыларды әлеуметтік қолдау және материалдық-техникалық базаны нығайту бағытындағы міндеттер айқындалды.

#### **Шешімі:**

1. Орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру орталығының 2025 жылы өткізілетін білім жетілдіру курстарының жұмыс бағдарламаларын бекітілсін,жұмыс жасалсын.
2. Қызылорда медициналық жоғары колледжінің миссиясы, көзқарасы, негізгі мақсаттары мен даму бағыттары колледж ұжымында талқыланып,педагогикалық кеңес отырысында қаралып,колледжішілік бұйрық шығарылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы

Л.Т.Байгабылова

Хатшы

Г.Орақбаева

#### **Мүшелері:**

1. Б.Е.Абдиканиева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. А.А.Сейітова – директордың тәжірибелік оқу жөніндегі орынбасары
3. С.Т.Молдрайымова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. Г.З Рустемова – колледж әдіскері
5. А.Ә.Сейілхановна–колледж әдіскері
6. К.Н.Абдикерова – білім жетілдіру бөлімінің әдіскері
7. А.Раманкулова – кітапхана меңгерушісі
8. Ф.Көлдеева – бөлім меңгерушісі
9. С.В.Ли – ақпараттық бөлім меңгерушісі
10. «Жалпы білімдік пәндер-1» бірлестігінің жетекшісі–Биболатова С.Н.
11. «Жалпы білімдік пәндер-2» бірлестігінің жетекшісі–Дуйсенова Ә.Ж
12. «Жалпы білімдік пәндер-3 (дене шынықтыру)» - Бақтияров А.С
13. «Жалпы ізгілендіру пәндер» бірлестігінің жетекшісі – Тұрарбек М

14. «Әлеуметтік-экономикалық пәндер» бірлестігінің жетекшісі - Махамбетова А.Ж.
15. «Жалпы кәсіптік пәндер-1(лабораториялық диагностика пәндері)» бірлестігінің жетекшісі - Уалиева П.А.
16. «Жалпы кәсіптік пәндер-2» бірлестігінің жетекшісі - Қирабаева Л.С.
17. «Жалпы кәсіптік пәндер-3» бірлестігінің жетекшісі - Жаханова А.Т
18. «Арнайы мейіргер ісі негіздері пәндер-1» бірлестігінің жетекшісі – Аманова Д.
19. «Арнайы мейіргер ісі негіздері пәндер-2» бірлестігінің жетекшісі – Зейнебай Г.Е.
20. «Арнайы пәндер-1 (ішкі аурулар)» бірлестігі жетекшісі–Жундабекова С.С.
21. «Арнайы пәндер-2 (педиатрия, тар пәндер)» бірлестігі жетекшісі- Абенова Ж.С.
22. «Арнайы пәндер-3 бірлестігі жетекшісі –Найманбаева А.П.
23. Арнайы пәндер-4 бірлестігі жетекшісі –Қалданова Н.О.
24. «Арнайы фармацевтикалық пәндер» бірлестігінің жетекшісі – Жетпіс М
25. «Арнайы стоматологиялық пәндер» бірлестігінің жетекшісі–Кушербаева Т.Б.